

ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2021, № 4 (96)

4 /2021

Бас редактор
Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан).

Аязан Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық орталығының директоры, ЮНЕСКО-ның «Ғылым және руханият» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әжіғали Серік Ескендірұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан).

Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры (Алматы қ., Қазақстан).

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Дүниежүзі тарихын зерттеу орталығының» директоры, Геттинген университетінің (Германия) құрметті профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Кудряченко Андрей Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Украина Ұлттық ғылым академиясының Дүниежүзі тарихы институтының директоры (Украина).

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Любичанковский Сергей Валентинович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының меңгерушісі (РФ)

Мұхтар Әбілсейіт Қапизұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры, (Атырау қ., Қазақстан).

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – PhD, Макс Планк атындағы Институт, Цюрих университеті (Швейцария)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Уяма Томохико – PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония).

Жауапты редактор

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшы

Зикирбаева Венера Серікқызы

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, заведующая кафедрой ЮНЕСКО «Наука и духовность» (г. Алматы, Казахстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (г. Алматы, Казахстан).

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства (г. Нур-Султан, Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Нур-Султан, Казахстан)

Ажигали Серик Ескендиорович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Международной академии архитектуры стран Востока, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)

Жумагулов Калкаман Турсынович – доктор исторических наук, профессор, почетный профессор Гёттингенского университета в Германии, директор Республиканского научно-исследовательского центра по изучению всемирной истории Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (г. Нур-Султан, Казахстан)

Кудряченко Андрей Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института всемирной истории Национальной академии наук Украины (Украина)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Алматы, Казахстан)

Любичанковский Сергей Валентинович – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории России Оренбургского государственного педагогического университета (Россия)

Мухтар Абилсейит Капизулы – доктор исторических наук, профессор, директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (г. Атырау, Казахстан)

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – доктор PhD, Институт Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Уяма Томохико – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония)

Ответственный редактор

Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор

Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь

Зикирбаева Венера Сериковна

Chief editor
Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – doctor of historical sciences, professor. Rector of I. Arbaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan)

Abuseitova Meruert Huatovna – doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of National Academy of Science Republic of Kazakhstan, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Head of the UNESCO Department “Science and Spirituality” (Almaty, Kazakhstan)

Alimbay Nursan – candidate of historical sciences, professor, Director of the State Museum Republic of Kazakstan (Almaty, Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholuly – doctor of historical sciences, professor, director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – doctor of historical sciences, professor, deputy director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Azhigali Serik Eskendirovich – doctor of historical sciences, professor, corresponding member of eastern countries international academy of architecture, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ehnology (Almaty, Kazakhstan)

Zhumagulov Kalkaman Tursunovich – doctor of historical sciences, academician, professor at Al-Farabi Kazakh National University. Director of the Research Center on World History Studies. Emeritus Professor of German Göttingen University (Almaty, Kazakhstan)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Kazakhstan Republic, member-correspondent of Bologna Academy of Sciences (Italy), head of the laboratory of Physical Anthropology of the National museum of Kazakhstan Republic (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Kudriachenko Andrey Ivanovich – doctor of historical sciences, professor, director of Institute of World History of the National Academy of Sciences of Ukraine (Kiev, Ukraine)

Kumekov Bolat Yeshmukhameduly – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan, director at International Institute of Kipchak Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

Sergey V. Lyubichankovskiy – doctor of historical sciences, professor, Head of the Department of Russian History, Orenburg State Pedagogical University (Russia)

Mukhtar Abilsseit Kapizuly – doctor of historical sciences, professor, director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Sarayshyk” in Atyrau (Atyrau, Kazakhstan)

Peter Finke – PhD, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland)

Sydykov Yerlan Battashevich – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan. Rector of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Uyama Tomohiko – PhD, professor at Slavic Research Center, Hokkaido University (Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Technical secretary

Zikirbayeva Venera Serikovna

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: Otanhistory@gmail.com

Электрондық мекен-жай:

<http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж кәуәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

ҒТАМР: 03.20

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ БАТЫРЛЫҚ ТҰЛҒАСЫ**Тимур Әкімханұлы Әпендиев¹ID**¹Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

*Автор корреспондент

E-mail: timur.apendiev@mail.ru

Түйіндеме. Қазақстанның қазіргі саяси жағдайы мен ұлттық идеяның дамуы жолында, ел тірегін бекем етуде қазақ мемлекеттілігінің тарихы маңызды болатыны сөзсіз. Қазақ халқы батыр халық ретінде танылып, ел тарихында батыр тұлғалардың қатары өте көп болды. Қазақ тарихында хандар мен билердің, көшбасшылар мен батырлардың, қолбасшыларының саяси, батырлық қызметі мен қасиетін зерттеу қай кезде де өзекті болып келген. Отандық тарихнамада үлкен ғылыми мәселеге айналған тақырыптардың бірі – қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлының саяси қызметі болып, сонымен қатар оның қазақ қоғамындағы батырлық қызметі ерекше болды. Кенесары Қасымұлының қол бастап талай ұрыстарды жүргізген халық батыры. Мақалада Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі тарихы мен отан алдындағы қоғамдық-саяси қызметі және оның тұлғалық ерекшеліктері қарастырылады. Сондай-ақ, Кенесары Қасымұлының қазақ даласында іске асырған саяси шаралары зерттеледі және ұлттық сипаттағы іс-әрекеттерге тарихи баға беріледі.

Кілт сөздер: Кенесары Қасымұлы, ұлт-азаттық көтеріліс, империализм, отарлау, алым-салық, буржуазия.

Мақала AP08052271 «Қазақ хандарының, сұлтандарының, батырларының өмірі мен қызметінің белгісіз қырлары туралы жаңадан ашылған ресейлік архивтердің деректері. (XVIII-XIX ғ. бірінші жартысы)» жобасын жүзеге асыру шеңберінде даярланды.

МРНТИ: 03.20

ГЕРОИЧЕСКАЯ ЛИЧНОСТЬ КЕНЕСАРЫ ХАНА В КАЗАХСКОЙ ИСТОРИИ**Тимур Акимханович Апендиев¹ID**¹Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

*Автор корреспондент

E-mail: timur.apendiev@mail.ru

Аннотация. История казахской государственности, несомненно, будет иметь важное значение в современном политическом положении Казахстана и развитии национальной идеи, укреплении опоры страны. Казахский народ был признан героическим народом – в его истории было немало героических личностей. В казахской истории изучение политической, героической деятельности и личностных качеств ханов и биев, вождей и батыров, полководцев всегда было актуальным. Одной из тем, ставших большой научной проблемой в отечественной историографии, стала политическая деятельность последнего казахского хана Кенесары Касымұлы, его героическая деятельность в казахском обществе. Рассматриваются история национально-освободительного восстания казахского народа во главе с Кенесары Касымовичем, его общественно-политическая деятельность и его личностные особенности, а также исследуются политические меры, реализованные Кенесары Касымовичем в казахской степи, дается историческая оценка действиям национального характера.

Ключевые слова: Кенесары Касымұлы, национально-освободительное восстание, империализм, колонизация, дань, буржуазия.

THE HEROIC PERSONALITY OF KENESARY KHAN IN KAZAKH HISTORY

TimurAkimzhanovich Apendiyev¹ID¹Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology, Kazakhstan, Almaty

*Author Correspondent

E-mail: timur.apendiev@mail.ru

Abstract. The history of the Kazakh statehood will undoubtedly be of great importance in the current political situation of Kazakhstan and the development of the national idea, strengthening the support of the country. The Kazakh people were recognized as a heroic people – there were many heroic personalities in its history. In Kazakh history, the study of political, heroic activity and personal qualities of khans and biys, leaders and batyrs, generals has always been relevant. One of the topics that became a big scientific problem in Kazakhstani historiography was the political activity of the last Kazakh Khan Kenessary Kassymuly, his heroic activity in Kazakh society. The article examines the history of the national liberation uprising of the Kazakh people led by Kenessary Kassymuly, his socio-political activities and his personal characteristics, as well as examines the political measures implemented by Kenessary Kassymuly in the Kazakh steppe, gives a historical assessment of the actions of a national character.

Key words: Kenessary Kassymuly, national liberation uprising, imperialism, colonization, tribute, bourgeoisie.

Кіріспе. Қазақ тарихында хан әулетінен шыққан батырлар мен батыр тұлғалы азаматтар көп болды. Қазақ қоғамында батырлардың орны мен ролін анықтауға қатысты зерттеулер соңғы жылдары көптеп зерттелуде. Мұндай ауқымды зерттеулерге кеңестік және шетелдік тарихнамада Қазақ хандығының ұзақ уақыт Ресейдің ықпалында өмір сүргені және олардың өз елі мен жерін қорғауға дәрменсіз болғаны туралы кейбір шовинистік көзқарастағы тарихшылардың пікірлерінен кейін туған теориялық тартыстар себеп болып, оның өзектілігі тым артып кетті. Дегенмен, уақыт ағымына сәйкес, әр кездері жүргізілген зерттеулерде қазақ батырлары мен хандарының, әскери қолбасшыларының саяси өмірі мен қызметі, олардың орыс отаршылдығына қарсы әрекеттеріне қатысты еңбектері жоғары деңгейде жүргізіліп, жаңа фактілер дәлелдене бастады. Бұл зерттеу тақырыбының күн тәртібінде тұрған ғылыми мәселелердің бірі екенін тағы бір көрсетті.

«Қазақ» атауын иеленген ұлттық мемлекеттің құрылуы мен оның Еуразия тарихындағы алар орны дүниежүзілік тарихтың бөлшегі екендігі дау тудырмайды. Қазақ хандығы дербес мемлекет ретінде, ал қазақ халқы иен даланың еркін өмір сүрген халықтарының бірі болып Орталық Азия жерінде өзінің бай тарихы мен мұрасын қалдырған мемлекеттердің қатарында тарих қойнауына енді. Ал осындай үлкен мемлекетті құрып, оны басқарған және сан мыңдаған халықтарды басқарған Шыңғыс әулетінің ұрпақтары аса ауқымды тарихи-саяси процестің авторлары ретінде есімдері тарихта қалды. Қазақ тарихында хандар мен билердің, көшбасшылар мен батырлардың, қолбасшыларының қызметі аса ұзақ процесті қамтығандықтан, тәуелсіздік алғаннан бастап отандық тарихнамада үлкен ғылыми мәселеге айналған тақырыптардың бірі болып саналады.

Қазақ тарихында соңғы хан болып саналатын Кенесарының батырлық тұлғасы мен бейнесі қазіргі кезде ғылымдағы ең айтулы тақырыптардың бірі болып есептеледі. Қазақ ханы Кенесарыны биліктегі саясатына және қазақ халқының басын біріктірудегі жасаған еңбегіне қарай отырып, халық батыры ретінде көрсету ханның қызметін сипаттайтын басты тақырыптардың бірі саналады. Мұны сипаттайтын тағы бір мысал – Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық көтеріліс тарихы болып, онда оның батырлық ерлігі айқындалады. Кенесары Қасымұлының саяси, тұлғалық ерекшеліктерінен бөлек, оның батырлық қызметін зерттеу ғылымдағы өзінің ғылыми өзектілігін жоймаған тақырыптардың қатарынан орын алып келеді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысында әр түрлі деңгейдегі ғылыми материалдар қолданысқа енгізілді. Деректердің алғашқы тобын мұрағат деректері құрайды. Зерттеудің негізгі деректері Қазақстан Республикасы мен Ресей архивтерінің қорларынан алынды. Мұнда негізінен Кенесары Қасымұлының саяси қызметі мен оның жасаған саяси көтерілісі туралы материалдар талдауға түсіп, соның ішінен оның батырлық ерлігі туралы мәліметтер іріктеліп алынды.

Тек жаңа ғылыми-методологиялық ұстанымдардың негізінде Кенесары мен басқа да қазақ билеушілерінің саяси қызметіне қатысты тақырыптарды тереңінен көтеруге мүмкіндік туды. Жалпыадамзаттық өркениетпен, дүниетанымдық көзқарас жүйелерінің дамуымен жалпы гуманитарлық және тарихи ілімдердің методологиялық негіздері де өзгерді. Тарихта методологиялық ұстанымдардың жалпылығы ғылыми зерттеулерде бір жақты көзқарас тұрғысынан қарастырудың

орнығуына әкеліп, бұл үдеріс кеңестік кезеңде ұзаққа созылды. Алайда, азаматтық қоғамның одан ары дамуы жалпы қоғамдық ойдың өз заңдылықтарына сүйенуін қажет етті. Осы тұрғыдан алғанда зерттеу жұмысында плюралистік қағида басшылыққа алынды.

Зерттеу тақырыбына қатысты тарих ғылымының тұлғатану саласындағы ұстанымдар мен принциптер негізге алынды. Кеңесары ханның батырлық қасиеттері мен тұлғалық ерекшеліктерін көрсетуде осы бағыттағы әдістер қолданысқа тартылды және тиісті талдаулар жасалды. Сонымен қатар зерттеу методологиясында проблемалық, тарихилық, объективтілік сияқты ғылыми таным принциптері мен жүйелеу, сыни-талдау әдістерін қолдану мәселені зерттеуде объективтілікке қол жеткізудің басты шарттары ретінде алынды. Аталған ғылыми-теориялық әдістер, концепциялар мен талдау проблеманы жан-жақты, терең қарастыруға, объективті тарихи қорытынды жасауға көмектесті. Сонымен қатар, аталған әдістер мен принциптер шынайы түрде Кеңесары Қасымұлының қазақ қоғамындағы тек басқарушы емес, сонымен қатар тумасынан берілген батырлық қасиеттері мен ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Талқылау. Кеңесары Қасымұлының қазақ даласында іске асырған саяси шаралары мен оның көтерілісінің зерттелуі Ресейде империялық кезеңнен басталып, кеңестік кезеңде шектеу қойылған ұлттық сипаттағы тақырыптардың бірі болғаны анық. Кеңестік саясаттың салдарынан тарих ғылымы бұл тақырыптың ғылыми өзектілігін ашуға қауқарсыз болды. Тәуелсіздік жылдарынан бастап, Е. Бекмаханов (Бекмаханов, 1994), Ж. Қасымбаев, (Қасымбаев, 1993), Е.Ж. Валиханов (Валиханов, 2004) сынды отандық тарихшылардың ізімен Кеңесары Қасымұлының саяси өмірі мен қызметіне қатысты ғылыми тақырыптарды көтеру қазіргі уақытта да өзекті болып отыр. Қазақ арасынан шығып, елі мен жерінің тыныштығы, тәуелсіздігі мен дербестігі жолында қызмет еткен Кеңесары Қасымұлының тарихтан алар орны ерекше. Отандық ғылымда Кеңесары ханның қызметіне қатысты зерттеулер көп болғанымен, әлі де зерттеулер жалғасын тауып келеді.

Сұлтан Кеңесары Қасымұлы бастаған қазақтардың азаттық жолындағы күресі тарихының кеңестік кезеңде аталмай келуі, әрине, ұлтшылдық сананың көтерілуіне алып келетін еді, ал бұл өз кезегінде, кеңестік саясатқа қайшы болды. Жалпы, сұлтан Кеңесары Қасымұлы бастаған қазақтардың ұлт-азаттық көтерілісінің шынайы зерттелмеуіне кеңестік тоталитаризм мен коммунистік идеология кең көлемді ықпал еткен болатын. Ал тәуелсіздік жылдарынан бастап кеңінен зерттелуі Қазақстанда тарихи сананың жаңғыруы мен ұлттық тарихқа деген көзқарастың дамуының басты көрінісімен сипатталатынын қорытынды ретінде айтуға болады.

Кеңесары Қасымұлы көтерілісі мен оның жеке адам ретіндегі бейнесінің кеңестік кезеңдегі тоталитаризмнің идеологиялық құрылымына сай келуі туралы сұрақтарды жан-жақты қарастырып алған дұрыс. Келесі бір қырынан алғанда, Кеңесарының қызметіне өткен ғасырдың екінші жартысынан кейінгі зерттеушілер, сонымен қатар қазіргі заман көзқарасы тұрғысынан жауап беріп көрген орынды. Кеңесары Қасымұлы бастаған көтерілістің расында да ұлт-азаттық және бүкілхалықтық принципте болды ма, немесе сұлтанның қазақ халқының күшін орыстарға пайдалану үшін жасаған жеке басының қимылдары болды ма деген сан-салалы сұрақтарға жауапты атақты тарихшы Е.Б. Бекмахановтың еңбегінен іздеп көрдік. Е.Б. Бекмаханов өз шығармасында Кеңесары Қасымұлы қозғалысының феодалдық негізін жоққа шығарған жоқ: «Кеңесары құрған мемлекет феодалдық мемлекет болды. Мұның себебі, қазақ қоғамының өндірістік қатынастарының феодалдық негізі Кеңесарының қайта жасауымен өзгерген жоқ. Өндірістік қатынастың феодалдық сипаты Кеңесары арқылы күшейе түсті. Ол Қазақстан территориясын өзінің хандық тұқымының меншігі деп қарады, ол жайында өз сөзінде бірнеше рет атап көрсетті»

Нәтижесі. Патша әкімшілігінің 1822 жылы Орта жүз бен 1824 жылы Кіші жүзде енгізген басқару ережелері қазақ халқының дәстүрлі басқару жүйесін жойды, орнына жаңадан ресейлік басқару жүйесін енгізіп, онда шекаралық және округтік мекемелерін ашты. Ресей билігі қазақтардың шұрайлы жерлерін тартып алып, Ақтау, Ақмола, Қызылжар, Көкшетау т.б. әскери бекіністер тұрғызды. Мұның барлығы жергілікті халықтың жайылым және егістік жерлерін тарылтып, олардың наразылықтарын тудырды. Қазақтар бірнеше дүркін қарулы қарсылық көрсетті. Жан-жақтан жігіттер жиналып, орыс әкімшілігінің жергілікті халықпен санаспай жүргізген саясатына наразылық білдірді. Қазақтар тарапынан ұйымдастырылған бұл наразылыққа негізінен тек әкімшілік реформалар ғана емес, сонымен бірге басқа да әлеуметтік факторлар себеп болған еді. Оның басты себептері ретінде қазіргі Солтүстік, Шығыс, Орталық Қазақстан аумақтарында егіншілік жерлер мен ұшы-қиыры жоқ жайылымдардың орыс шаруаларына берілуі және аймақта орыстар мен шекарадағы казактардың шамадан тыс көп келіп қоныстануы болды. Есіл, Ертіс өзендерінің алқабындағы егістік жерлердің орыс шаруаларына таратылуы және алым-салықтың артуы үлкен бір қозғалыстың тууына тікелей себепкер болды (Үсенова, 2009: 60-62).

Патша билігінің мұндай озбырлығын көрген Кеңесары сұлтан өз жанына қол жиып, әр ауылдан қазақтың жігіттерін ұйымдастырып, орыс билігіне қарсы көтеріліске шығуға қамданды. Ол атақты Абылай ханның ұлы – Қасым сұлтанның баласы еді. Кеңесары сұлтан өзінің

бауырларымен, аға буын өкілдерінің қолдауымен көтерілісті бастауға шешім қабылдады. «Абылай ханның Русиямен жасасқан шартын бұзғандарына көніп отыру бізге ұят. Құдай қаласа, барлық қазақтың басын қосып, Абылай хан дәуренін қайта орнатуымыз керек. Алла Тағала өзі бізге жар болғай!» – дейді (Кенесарин, 1992: 15-30).

Мұндай саяси-әлеуметтік фактордың барлығы Кенесары сұлтан бастаған бүкілхалықтық көтерілістің шығуына себеп болды. Рухы биік қазақ халқының Ресей империализміне қарсы келесі бір соғыс факторы да орын алды. Қазақтар өзінің білек күші мен ұйымшылдығының арқасында, халықтық еркіндігі мен ұлттық тәуелсіздігі жолында жан аянбайтынын көрсетті. Расында да көтерілістің қозғаушы күші халық болып, олардың мақсаты еркіндік пен азаттықты сақтау үшін күреске шығу болды.

1822–1824 жылдары Қазақстанда хандық билік біржолата жойылған тұста, Кенесары сұлтан Қазақ хандығынан қалған бұрынғы жүйенің сақталуы үшін шайқасқа түсті. Бұл уақытта орыс әкімшілігі қазіргі Қазақстанды толығымен саяси отарға айналдыра бастаған болатын. Ресей әкімшілігі қазақтардан шыққан сұлтандар мен ықпалды адамдарға империялық шен беру арқылы көтермелеп, бір-біріне айдап салды. Осының салдарынан Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс кезінде оған бұрынғы аға сұлтандар мен ықпалды адамдар толық тірек бола алмады. Осы тұста Кенесары сұлтанның бар сенген әскері хәм тірегі Ағыбай, Таймас, Иман, Басықара, Жанайдар, Бұқарбай, Жәуке, Бұғыбай сияқты халық арасынан шыққан атақты батырлар болды. Сол замандағы қазақ батырлары өздерінің жасақтарымен Кенесарының қасында болып, оның бұйрықтарын екі етпей орындап, жеңіске жетіп жүрді. Бір аңызда былай делінеді: «Кене ханның қол астына қазақтың батырлары бастаған 14 мың қол жиналды, ат жақсысын мінді, сауыт жақсысын киді. Бұлар өздерінің ордасын Алтай-Қарпықтың ортасы – Құланөтпеске тікті. Кіші жүз, Ұлы жүзден де қайраты бойына сыймай келген атақты батырлар Кененің қолына қосылып жатты».

Кенесары тумасынан даланың әскери өнері мен әдіс-айласын меңгерген батыр болды. Айта кетерлігі, адамзат тарихында әр халық өздері жасап, қалыптастырған рухани және материалдық мәдениетін ұрпаққа мұра ретінде қалдырып отырды. Солардың бірі – адамзат тарихындағы материалдық мәдениет пен қоғамдық өмірдегі бір сала болып қалыптасып, дамыған және әрбір мемлекетте мемлекеттіліктің негізгі тірегі болған әскери сала маңызды орын иеленеді. Кенесарының бойынан ата-бабаларынан қалған жауынгерлік ерлік пен әскери істің жетік тәжірибесі болды.

Тарихта әрбір мемлекетте болғаны сияқты, сол заманда тарыдай болып шашылып отырған Қазақ мемлекетінде аз да болса оны саяси-әлеуметтік тұрғыда қорғайтын тұрақты және уақытымен жинақталып отыратын әскері болды. Әрине, әскери сала болмаған жағдайда халық пен қоғамның тыныштығы бұзылатын болды. Кенесары сияқты хандар мен ел басшыларының ең басты мақсаты мемлекет пен қоғамның тыныштығын, оның болашағын, өзіне тиісті тарихы мен дәстүрін сақтау, ұлттық құндылықтарын қадірлеу болғаны анық.

Кенесары әскери істерді жақсы ұйымдастыра алды. Оған сол кездегі Қазақстан мен жалпы Еуразия кеңістігінде өмір сүрген далалықтарда да әскери сала ерекше дамығандығы куә бола алады. Бірақ далалықтардың әскери күші орыс әскерінің күшімен тең болмады. Дегенмен, әр кезеңдегідей, Кенесары заманында да әскери сала далалықтар үшін өзіндік қорғаныс күші және өзге тайпалардың аумақтарына жорықтар ұйымдастырудағы басты құралы болды. Ендігі кезекте бұл саланы дамытудағы басты қажеттілік – әскерилер және қорғаныс құралдары мен әскери қару-жарақ түрлерін көбейту еді. Сәйкесінше, әскерилердің немесе жауынгерлердің өзіндік әскери шеберлігі мен қару-жарақты пайдалану әдістері аса маңызды рөлге ие болды. Бір сөзбен айтқанда, өзге елдердегі сияқты қазақтар арасында да әскери саладағы тактиканы дамыту әрбір кезең мен заманның талабы еді (Жумадил, 2014: 35-40).

Кенесары өзінің нағыз батыр екенін дәлелдеп, көптеген шайқастарға қатысты. Иығына полковниктің эполеттерін тағып, қасына ту ұстаушыларын ертіп, әрқашан әскерінің алдында жүрді. Жаулары Кенесарының көзсіз батырлығын мойындап, көтерілісшілер де хандардың арасынан шыққан ең қаһарманы әрі ақылдысы деп білген. Кенесары бастаған күрес, шын мәнінде, ұлт-азаттық күреске айналды. Көтерілісшілердің өз ұраны болғаны да белгілі. Сол кездері Кенесары үлкен көрегендік танытып, халқының бірлігіне кедергі келтіретін жүзге, руға бөлінушілікті тыюға көп әрекет жасады. Даңқты қолбасшы мемлекет тәуелсіздігінің өте маңызды іс екенін халық санасына құюда қыруар еңбек атқарды. Мемлекет мүддесін қорғау жолында жауды жеңіп, тәуелсіздікке қол жеткізу үшін халықты біліктілікпен басқару көп септігін тигізетінін ол жете түсінді. Кенесары Қасымұлы өз айналасына ең адал кеңесшілер мен батырларды, халық арасынан отарлық езгіге қарсы күрестегі ең беделді, белсенді азаматтарды топтастыра білді (Каренов, 2015а: 67-71).

Кенесары атасы Абылайдың азаттық жолындағы қызметі мен өмірін естіп, өз жадында түйіп өскен және әкесі Қасымның патша билігі тарапынан қуғынға ұшырағанын көзбен көрген. Оның ағалары Саржан мен Есенгелді 1824-1836 жылдары сыртқы дұшпанға, орыстарға қарсы жүргізген көтеріліске қатысып, өзінің ержүрек батырлығымен танылған еді. Айта кетерлігі, бұл кезде Абылай ұрпақтары арасынан Қасым әулетінен тараған сұлтандар ғана билікті қалпына келтіруге тырысты.

Қазақ халқының тыныштығы мен азаттығы жолында қызмет етуге бел байлаған Кенесары патша билігінің Қазақстандағы отаршылдық және жаулаушылық қимылдарын біржолата тоқтату немесе оның қарқынын азайту мақсатында, Орынбор губернаторы граф В.А. Перовский арқылы Ресей императорына хат жолдады. Жіберілген хатта қазақ өлкесіне әскери бекіністерді салуды тоқтату туралы өтінішпен басталып, онда Кіші жүз бен бүкіл Қазақстанда болып жатқан ұлт-азаттық қозғалыстарды тоқтатудың бірден-бір шарты екендігі айтылады.

Әскери бекіністер мен округтер қазақ жеріндегі отаршылдық қимылдардың басты көріністері болып, бұл әрекеттерді Кенесары өз бетінше тоқтатпақ болып, өз хатында мынадай сөздер келтірген: «Ұлытау мен Кішітау өңірлеріне Сібірдің әскери шептерінен әскер жібермеуіңізді өтінемін. Мәселені басқаша шешсеңіздер, біздің әйелдеріміз бен балаларымыз ығысып қалады, патша ағзамға қызмет ете алмай қалады», – дей отырып, өзінің ұсынысын білдірген.

XIX ғасырда Еуропада зор беделге ие болып, өзінің саяси-әскери күш-қуатына кәміл сенген император І Николайға хат жазу жай ғана бір қазақ сұлтаны үшін үлкен ерлік деп бағалауға болады. Кенесары өз хатында император атына үлкен мақтаулар айтып, оны патшалардың патшасы деп мақтайды. Сонымен бірге оған қызмет ететінін айта отырып, халқының тыныштығы үшін бас иетінін жеткізеді. Кенесары мұнымен шектелместен, императордан жан-тәнімен қызмет ететінін дәлелдейтін шенді грамота сұрайды. Кенесарының Ресей патшасына сенім білдіруі мен оның патшаға көрсеткен мұндай құрметін тарихшылар әртүрлі түсінуі мүмкін. Дегенмен Кенесарының бұл әрекеттері орыс патшасына жасаған жағымпаздығы емес, саяси-дипломатиялық жолмен, ерікті түрде, патшаның көңілінен шыға отырып, сол арқылы өз жері мен халқының тыныштығын қамтамасыз ету болды. Расында да қазақ даласы мен Ресей әкімшілігіне белгілі болған Кенесарының бұлайша саяси қадам жасауы, оның қалайда болмасын, қазақ жеріне орыс әскерлерін жақындатпаудың әрекеті еді.

Кенесары Қасымұлы өзінің саяси мақсатына жету үшін дипломатиялық жолдарды, әдістерді шебер пайдаланғанын көруге болады. Дипломатиялық қимылдарды жүргізгенін оның хаттары дәлелдейді. Архив қорларында, сақталған және жарияланған деректік құжаттар жинақтарында қазақ сұлтанының көздеген жоспарының мазмұнын ашатын көптеген мәліметтер сақталған. Бірақ мұндай дипломатиялық әрекеттерден айтарлықтай нәтиже шықпады. Қазақ жерінде Ресей билігі бұрынғысынша саяси-экономикалық жобаларын еш кедергісіз жүзеге асыра берді. Мұның барлығы Кенесары сұлтанның көтеріліске шығуына ықпал етті.

Халық арасында танымал әскербасы, қол бастайтын батыр ретінде танылған Кенесары сұлтан Ресей сияқты үлкен империя билігіне қарсы басталған көтерілістің қолбасшысы болды. Он жылға созылған ұзақ саяси-әскери күреске басшы бола отырып, өз туы астына жиналған қалың әскерді уақыт талабына сай етіп жарақтандыруға тырысты. Бір ерекшелігі, Кенесары Қасымұлының көтерілісінде сол заманғы зеңбіректер пайдаланылғаны таңданыс тудырмай қоймайды. Осы уақытта қазақ жерінде болып жатқан соғыстар мен көтерілістер, атап айтқанда, Исатай мен Махамбеттің немесе Есет пен Жанкожаның көтерілістерінде мұндай отты қарулар қолданылмаған. Дегенмен, Есет батыр осы Кенесары көтерілісі тұсында Қазақстанның Кіші жүз бен Орта Жүздегі далалы аудандарына Ресей әкімшілігіне қарасты керуендерді тонап оларға кедергі келтіріп отырған. Мысалы, 1840 жылы ол Бұхарадан және орыс көпестерінен 60 мың рубльден асатын тауарларды қолды еткен. 1842 жылы ол әртүрлі бөлімдердегі қырғыздардан көптеген ірі қара мал мен 2 мыңға жуық жылқыларды (РМТА, 9: 40-43) қолға түсірді. Әрине, мұндай әрекеттер патша үкіметінің қазақ даласындағы заңсыз, орынсыз әрекеттеріне қарсы дала батырларының берген жауабы еді.

Кенесары Қасымұлының көтерілісінде зеңбіректер мен заманауи мылтықтардың қолданылуы XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырда орын алған қазақ халқы көтерілістерінің ішіндегі ең ірі көтеріліс екенін дәлелдейді. Бұған дейін аз ғана патша солдатты зор қарумен келіп мыңдаған қазақ көтерілісшілерін қысқа уақытта қырып салатын. Мұндай әскери жағдайды ұғынған Кенесары сұлтан өз әскерін барынша жарақтандырып отыруға тырысты. Ол өз әскерінің қатарына Ресейден қашқан солдаттарды, еріктілер мен басқа да соғысуға ебі бар азаматтарды тартып, оларға жағдай жасап, өз дегеніне көндіріп отырған, соғысқа үйреткен.

Сонымен қатар әскер қатарында болған қару-жарақпен, әскери өнермен таныс мамандарды тартып, сарбаздардың соғысу қабілетін барынша арттырды. Ең бастысы, Хиуа мен Бұхарадан жеткізілген зеңбіректер Кенесары сұлтанның көтерілісінде басты артиллериялық құрал болды. Ол әсіресе патша әскерлерімен және қокандықтармен соғысуда басты қару болып, Алатау қырғыздарымен алысқанда да Кенесары әскерлерінің құдіретті күшін байқатты.

Әскерді бұрынғы соғыс жүргізудің қарапайым, көшпелілік тәсілімен емес, керісінше, жаңа әдістермен жүргізіп, әскерлердің басшылығына ержүректігімен, азаттық үшін күрестерде белсенділігімен көзге түскен батырларды тағайындау, сондай-ақ олардың жан аямай соғысқа кірісе алуы – Кенесарының қолбасшылық, ұйымдастырушылық қабілетінің шыңдалуының көрінісі болды. Жоғарыда аталғандай, көтеріліс пен соғыс қимылдары кезінде Кенесары туының астында топтасқан

батырлардың арасында, азаттық соғыстың мүддесіне аяғына дейін берілген, үлкен шайқастарда ерлігімен көзге түскен үш жүздің де батырлары болды. Солардың қатарында Ағыбай, Аңғал, Байсейіт, Тұғанас, Тобылды, Таймас, Жеке, Бұхарбай, Бұғыбай, Жоламан, Жауке, Сұраншы, Иман, Құрман, Төлебай, Наурызбай т.б. болды (Қасымбаев, 1993: 61).

1838 жыл мен 1839 жылдың басы қозғалыстың нағыз қызған кезі болатын. Сол кезде Қарқаралы округінің халқы Кенесары жалауының астына жинала бастаған еді. Қозғалысқа басқа округтердің қазақтары да қосыла бастайды. 1837 жылдың соңына қарай Аман-Қарағай округінен 2000 жуық қазақ қосылған (Валиханов, 2001: 53-56). Жоғарыда аталғандай, Кенесары Қасымұлы Ресей империясына қарсы соғыс қимылдарымен бірге, бұрынғысынша саяси-дипломатиялық жолдарды да пайдаланып отырды. Бір ерекшелігі, Кенесары Қасымұлы да елшілер арқылы жағдайды барлап, патша билігінің аймақтағы саясатын анықтап алуға кіріседі. Оның мұндай әрекеттері көтеріліс басталмай тұрып-ақ басшылыққа алынды. Кенесарының атақты елшілері мен сенімді дипломаттары Жүсіп Жанкүшікұлы, Мамберді Қонысбайұлы, Тайтоқ Дөненұлы, Табылды Токтыұлы және Қошымбай Қазанғапұлының 1838 жылдың желтоқсан айында Сібір губернаторы князь В.Д. Горчаковпен Николай патшаға арналған арнайы хаттары сұлтанның орыс билігімен саяси-дипломатиялық салада жақындасқанын сипаттайды (Қасымбаев, 1993: 14).

Көтеріліс қимылдары 1838 жылдың көктемінен бастап жандандырылған еді. Осы жылдың басында Кенесары Ақмола приказының аға сұлтаны, подполковник Қоңырқұлжа Құдаймендиннің және оның туыстарының ауылдарына шабуыл жасады. Шабуылдың нәтижесінде тек қана жылқыдан 12 мыңы айдап әкетілді. Қ. Құдаймендин Омбы облысының басқарушысы Талызиннен әскери көмек сұрауға мәжбүр болды (Бекмаханов, 1994: 236-237). Көтерілісшілер мұнымен тоқтамады. 1838 жылы мамыр айының 26-сы күні Кенесары өзінің сенімді серігі Наурызбай батыр екеуі жасақтарымен Ақмола бекінісін талқандап, өртеп жіберді. Қамал бастығы әскери старшина Карбышев пен Ақмола аумағының аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендин қашып құтылды. Кенесары енді Торғай даласына қарай бет бұрды. Кенесары Қасымұлы патша өкілдеріне жазған хаттарында бұл әрекетін Ресей шекараларына жақындауға ұмтылу, сол арқылы келіссөз процестерін жеңілдету деп түсіндірді. Шын мәнінде батырдың негізгі мақсаты 1836–1838 жылдары Исатай Тайманов бастаған ұлт-азаттық көтерілісі болып өткен Кіші жүзді жалпыхалықтық көтеріліске қосу болды (КРОМА 338-к, 1-т, 71-іс, 102-103 п.).

1841 жылдың күзінде қазақтың үш жүзінің игі жақсылары бас қосып, ақ киізге көтеріп Кенесарыны хан сайлады. Ол билік басына келгеннен кейін бірқатар өзгерістер жасады. Мемлекеттік қызметкерлер мен беделді азаматтар кірген Хан кеңесі сайланды. Мемлекеттік басқару жүйесі қайта құрылды, көрші елдермен қарым-қатынас орнататын дипломатиялық қызметке қатты көңіл аударылды, салық жинау ісі жолға қойылды. Хан қарулы күштерді нығайту үшін жаяу әскер, артиллерия, қатаң тәртіп, сарбаздар мен сардарлардың сыртқы түріне, әскерді үйретуге ерекше дем берді.

Хан болып сайланған Кенесары орталықтанған мемлекет құруға талпынды. Оның қол астында жақтаушы батыр, би және сұлтандардан тұратын жоғары кеңесуші орган болды, ал хандықты Кенесары өзіне адал жасауылдардың көмегімен басқарды. Олар құқықтық, шаруашылық, дипломатиялық, әскери және де салық мәселелерімен айналысты. Кенесары ханның өз бетінше жүргізген саясаты мен мемлекет басқарудағы жұмыстарының нәтижесінде төмендегідей жаңа басқару тәртібінің түрлері енгізілді. Олар:

- салық жинау тәртіпке келтірілді;
- егіншілікпен айналысудың жаңа мүмкіндіктері жасалды;
- көршілермен сауда-саттық саясатына өзгерістер енгізілді;
- мемлекеттік құрылысқа жаңа формалар енгізілді, яғни феодалдық құрылыс пен капиталистік қоғамның талаптарына сай жүргізілді;
- жаңа хандық кеңес құрылды;
- сыртқы саяси өмірге басымдықтар беріліп, ел басқарған билеушілер арасында мәмілегерлік қызмет ұйымдастырылды;
- халықтар арасында феодалдық талас-тартыс, руаралық қақтығыстарға тыйым салынды;
- соғысуға қабілетті арнайы жасақ құрылды.

Осы тәртіптің негізінде соғыс пен көтеріліс бағыттары өзгертілді. Патша әскеріне қарсы күресудің жаңа әдістері қарастырылды (Каренов, 2015а: 48).

Кенесары өз хандығын нығайту үшін біраз экономикалық және саяси шараларды жүзеге асырды. Оның алым-салық саясаты шарифатқа негізделіп, мал өсіретін аудандарда зекетті, егіншілікті аудандарда ұшырды енгізді. Халықтан алым-салық жинауды арнайы жасауылдар жүзеге асырды. Кенесары құрған мемлекет феодалдық мемлекет болды, оның әлеуметтік негізін билердің орта тобы мен төре тұқымына жатпайтын феодалдар, батырлар құрады.

Басқарудың негізгі тұтқасы Кенесарының өз қолында болды. Оның жанында ең жақын серіктері: батырлар, билер және ханның кейбір туыстарынан құралған Кеңес жұмыс істеді. Хандық кеңеске

негізінен азаттық қозғалысының мүдделеріне адал, жеке басының батылдығымен, дипломатиялық қабілетімен көрінген адамдар енді. Мәселен, оның інісі Наурызбай батыр, Ағыбай, Иман батырлар, өзінің елшілік табыстарымен атағы шыққан би Шоқпар Бақтыбаев, Сайдақ қожа Оспанов, т.б. Кенесары мемлекеті сот, елшілік, қаржы, әскери іспен және азық-түлік жинау мәселелерімен айналысатын жеке адамдар арқылы басқарылды. Жоғары сот билігін Кенесары өз қолына шоғырландырды. Ру аралық сот істерін шешу үшін ол билерді тағайындады. Сөйтіп, Кенесары тұсында елді басқару белгілі бір жүйеге келтіріліп, мемлекеттік аппарат жеке салаларға бөлінді. Басқарудың арнайы қызметі хандық кеңес шешімдерінің, үндеулерінің ауылдарда таратылуын, түсіндірілуін және орындалуын қадағалап отырды (Каренов, 2015а: 50-54). Қазіргі кезде бұл процестер кейбір әдебиеттерде «Кенесары ханның реформалары» деп те аталып жүр.

Орыс әскерімен соғыста жігерленген Кенесары жасақтары 1841 жылы күз айында Қоқан хандығына қарсы соғыс жүргізді. Соғыс ашқан мезгіл де қолайлы болды. Бұл кезде Қоқан мен Бұхара хандықтары арасында соғыс жүріп жатқан еді. Кенесары Қоқанға қарсы Бұхардың одақтасы ретінде соғыс ашты. Оның әскерінің құрамына өз отрядымен бірге атакты батыр Жанқожа Нұрмұхамедов те кірген еді. Қыркүйек айының басында шөмекей, төртқара, табын руларының қазақтарынан құралған Кенесарының төрт мың адамынан тұратын іріктелген жасағы Ташкентті қоршауға алды (Каренов, 2015b: 58).

Қайта біріктірген Қазақ хандығындағы хандық тәж бен қолбасшылықты тамаша ұштастыра білген Кенесарының ұрыс даласындағы ғажайып табандылығы әлемдік тарихтағы көптеген саяси және батыр тұлғалармен пара-пар қойылуы тиіс. Мысалы, 1831–1833 жылдары Польша азаттық қозғалысына қатынасқан поляк революционері А. Янушкевич Кенесарыны бірде Рим империясымен соғысқан Нумидия патшасы Югуртаның күресімен, дәл осы Кенесары сұлтанның көтерілісімен қатар келген, XIX ғасырдың 30-40 жылдары француз отаршылдарына қарсы Абд-эль-Кадир бастаған Алжир халқының азаттық күресімен салыстырады.

XIX ғасырдың 50-жылдарында Верный қаласында болған орыс саяхатшысы П.И. Семенов Тянь-Шанский осы көтеріліс жөнінде әртүрлі мәлімет жинастырып, Кенесарыны біздің эрамызға дейінгі екінші ғасырда Кіші Азиядағы кішкене ғана Понт патшасының билеушісі, Рим құл иеленуші мемлекетінің жаулағыш саясатына қарсы тұрған Митридат VI Евпаторға теңеп, қазақ феодалдық мемлекетін уақытша болса да қалпына келтірген Кене ханды жоғары бағалайды.

Көп жағдайда Кенесарының соғысын 1341–1381 жылдары ағылшын шаруаларының Уот Тайлер көтерілісімен, 1670–1671 жылдары Ресейдің оңтүстігінде болған Степан Разиннің, 1707–1709 жылдары болған Кондратий Булавиннің, 1773–1775 жылдары болған Емельян Пугачевтің, 1857–1859 жылдары ағылшын отаршыларына қарсы көтерілген сипайлардың, 1916 жылы қазақ даласында орыс отаршыларына қарсы қазақ жігіттерінің көтерілістерімен салыстыруға келе бермейді. Бұлардың бәрі – бір мемлекеттің өз ішінде бір әлеуметтік топтың орталық өкіметке қарсы болған қарулы қақтығыстары. Ғылыми әдебиетте олар шаруалар соғысы деп аталады. Ғалымдар Кенесарыны Кавказдағы Шәмилмен де теңестірген (Қасымбаев, 1993: 58).

Кенесарының қолы жорықтарда, қамал алдында бөгелмейтін. Қайта бөгеттер оның қайтпас еркін қайрай түсетін, мақсатына жету жолында кездескен кедергілерді жайратып, қаһарлы күшті таскындататын. Көтеріліс қолбасшысы өз басына түскен небір қиыншылық, күйзеліс, қуғын-сүргінге қарамай, жауына бет қаратпай дауылдап тиюші еді деп, Кенесарының халқы үшін басын бәйгеге тіккен батыр екенін керемет суреттейді. Кенесары опат болғанда оның артында 8 ұл, 4 қыз, екі әйел жесір қалды. Баласы Сыздық сұлтан әке жолын қуып, отарлау саясатына қарсы күресіп өтті.

Сонымен, Кенесарының жеке басында жасынан дарыған табиғи қасиеттер, халықтың мүддесіне мейлінше берілгендігі көтерілісшілердің басын біріктіруде, оларға рух беруде айтарлықтай рөл атқарғандығы анық. Ханның ержүректігі, оның әскери өнердің айла-амалдарын жете сіңіргені төңірегінде көптеген есімдері ел арасында кең тараған батырларды топтастыруы, оның қолбасшылық өнердің қанды шайқастарда шыңдалуына, шынығуына әсер еткені сөзсіз. Әсіресе өзіне қарсы қазақ феодалдарының әскери топтарын жаныштауда 10 жыл бойы бірде-бір жеңіліске душар болмаған, орыс-қазақ әскерлерімен арыстанша арпалысқан хан Кенесарының қолбасшылық даңқын орыс тарихшыларының қынжыла мойындауында терең тарихи мән бар. Қаншама қиындықтарды бастан өткерген Кенесары қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы күресінің символына айналды (Валиханов, 2004: 204-205).

Кенесары Қасымұлының барлық ерлігі асқан шеберлікпен танылды. Оның ұйымдастырған көтеріліс қимылдары мен патша отарлаушыларына қарсы жүргізілген азаттық үшін соғыс қимылдары аса үлкен болып, онда нағыз батырлық ерліктің үлгісі көрсетілді. Кенесарының жақтастарының қызметі жоғары болды (ООМТА, 5575: 24). Кенесарының жақтастары болған Бектұрған Төлегенев, Жұмабай Түктібаев, Исен Бакиев, Ақбай Баймурзин, Ұзақбай Ақдаулетов (ООМТА, 5575: 25), Мәтен Исенбаев және басқалар болып, олардың жалпы саны көп болып, ал оның ең негізгі жақтастары 30-40 болды. Есімдері аталған батырлардың қоғамдағы беделі жоғары еді (ООМТА, 5575: 26). Соғыс кезінде олар Кенесарының жақтастары болғаны үшін императорлық тұтқынға алынып, тиісті жазалар қолданылды.

Қорыта айтқанда, түбінде тәуелсіздікке ұмтылған Кенесары ханның отан алдындағы қоғамдық-саяси қызметімен қатар батырлық ерлігі Ресей империясына қарсы көтеріліске шығумен сипатталып, ол тарихта өзге көтерілістер мен саяси қимылдар секілді тәуелсіздіктің жолы қиын жол екендігін тағы бір рет дәлелдеп берді. Өйткені Ресейдің тең емес күшіне қарсы келу оңай болмай, ол жылдар бойына созылған көтерілістің нәтижесіз болатынын көрсетті. Дегенмен, Кенесарының көтерілісі мен оның соғыс қимылдарында көрсеткен батырлығы мен табандылығы қазақ халқының асқан мінезді халық екенін, оңай жолмен берілмейтін өжет екенін тағы бір дәлелдей алды. Бүгінгі күні өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз қайта жаңғырып, жоғалғанымыз қайта түгелденіп жатқанда, Кенесарыдай ханы мен сұлтаны бар, оның артынан ерген Ағыбай сынды батырлары бар қазақтың тарихын зерттеу бұдан кейін де жалғасын таба беретіні сөзсіз.

Қазақтардың XVIII–XIX ғасырларда болған барлық басқа ірі көтерілістерінен Кенесары көтерілісінің ерекшелігі – оған үш жүздің бұқара халқы түгел қатысты. Қазақстанның бүкіл аймағын қамтыған Кенесары көтерілісі жергілікті жерлерде кезек-кезек бұрқ еткен көтеріліс ошақтарының жиынтығы болды. Сонымен бірге, Кенесарының тартып алынған қазақ жерлерін қайтаруды және салынған бекіністерді жоюды, алым жинау мен әртүрлі салық салуды тоқтатуды патша өкіметінен талап етуі және оның бұрын қазақтарға тиесілі болған жерлерді қайтару үшін Қоқан мен Хиуа хандықтарымен күресуі қазақ халқының өмірлік мүдделеріне сай еді. 1837 жылдың аяғында Кенесары қозғалысына 3858 отбасы қатысты. Бұл көтеріліс идеяларының өміршеңдігі мен Кенесары беделінің жоғарылығының куәсі еді. Бүгінде Кенесары ханды тарихтың ең биік тұғырына мәңгілік қою үшін әуелі ханның және осындай халық көсемінің ақылшылары, кеңесшілері, әскери қолбасшылары, батырлары мен сарбаздарының да есімі анықталып, өзіндік тарихи бағасын алуы қажет.

Кенесары хан ірі тұлға ретінде көшпелі мемлекеттің тәжірибесін одан ары дамытты. Осы жағынан алғанда ол орыс отаршыларына өте қауіпті саяси қайраткер еді. Міне, содан кейін де оның күресінің мәнін төмендетіп «ұры, «қарақшы» деп атап кеткендігі де соның себебі болды. Сол дәрежеде айыптау Ресей билігі үшін ыңғайлы еді. Кенесарының өміріне қатысты қарама-қайшы келетін тұжырымдық мәселелер осыған байланысты болып, ол шешімін тапты. Соңғы жылдарға дейін оның жарқын бейнесіне көлеңке түсірер көптеген жайлар айтылып келген еді. Бірақ шындығы мұндай еместігін тарихтың өзі көрсетіп берді. Тарихи құжаттар мен деректік материалдарды жүйелі түрде зерттеудің негізінде Кенесарының саясаты дұрыс жолмен жүргізілді деуге мүмкіндік туды.

Қорыта келе айтарымыз, Кенесары Қасымұлының сіңірген батырлықерлігі мен еңбегі ол қазақ халқының салт-дәстүрін сақтай отырып, оны бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күреске жұмылдыруында болды.

Әдебиеттер тізімі

- Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40-жылдарында. Алматы: Санат, 1994. 416 б.
 Валиханов, Э.Ж. Вопросы казахской государственности в XIX век // Отан тарихы. 2001. № 3. С. 53-56.
 Валиханов Э.Ж. Кенесары. М.: Молодая гвардия, 2004. 230 с.
 ООМТА (Орынбор облыстық мемлекеттік тарихи архиві) қ.б. п. 10. іс.5575. п. 24
 ООМТА 6 қ. 10 т. 5575 іс. 25 п.
 ООМТА Ф.6 қ. 10 т. 5575 іс. 26 п.
 Жумадил А.К. Военное дело кочевников Евразии: историографический анализ. Алматы: Қазақ университеті, 2014. 272 с.
 Кенесарин А. Султаны Кенесары и Сыздык: Биограф, очерки /Обраб. и примеч. Е.Т. Смирнова. Алма-Ата: Жалын, 1992. 144 с
 Каренов Р.С. Кенесары Қасымұлы басқарған ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан атақты қазақ батырлары. // Қарағанды университетінің Хабаршысы. «Филология» сериясы. 2015. № 1(77). 66-77 бб.
 Каренов Р.С. 1837–1847 жылдары Кенесары хан басқарған ұлт-азаттық қозғалыс. // Қарағанды университетінің Хабаршысы. «Тарих, Философия» сериясы. 2015. № 1 (77). 44-58 бб.
 Қасымбаев Ж. Кенесары хан. Алматы: Қазақстан, 1993. 112 б.
 ҚРОМА 338-қ, 1-т, 71-іс, 102-103 п.
 РМТА (Ресей Мемлекеттік тарихи архиві). Қ. 1291. т. 82-1853. іс. 9. п. 40-43
 Үсенова А. Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыс // Қазақ тарихы. 2009. № 3 (96). 60-62 б.

References

- Bekmahanov E. Kazakhstan XIX qasırdın 20-40-zhyldarında. Almatı: Sanat, 1994. 416 p. (in Kaz.).
 Valikhanov E.Zh. Voprosy kazakhskoy gosudarstvennosti v XIX vek // Otan tarikhy. 2001. № 3. p. 53-56. (in Russ.).
 Valikhanov E.ZH. Kenesary. M.: Molodaya gvardiya, 2004. 230 p.(in Russ.).

OOMTA (Orınbor oblistiq memlekettik tarixi arxivi) q. 6. n. 10. is. 5575. p. 24 (in Kaz.).

OOMTA F.6. t. 10. is. 5575. p. 25 (in Kaz.).

OOMTA F.6. t. 10. is. 5575. p. 26 (in Kaz.).

Zhumadil A.K. Voennoye delo kochevnikov Yevrazii: istoriograficheskiy analiz. Almaty: Kazak universiteti, 2014. 272 p. (in Russ.).

Kenesarin A. Sultany Kenesary i Syzdyk: Biograf, ocherki /Obrab. i primech. Ye.T. Smirnova. Alma-Ata: Zhalyyn, 1992. 144 p. (in Russ.).

Karenov R.S. Kenesary Kasımulı basqargan ult-azattıq qozgalısına qatısqań ataqtı qazaq batırları. // Karaqandı wñiversitetinin Xabarshysy. «Filologiya» seriyası. 2015. № 1(77). p. 66-77. (in Kaz.).

Karenov R.S. 1837–1847 jıldarı Kenesary han basqarqan ult-azattıq kozqalı. // Karagandı wñiversitetinin Xabarshısı. «Tarih, Filosofiya» seriyası. 2015. № 1 (77). p. 44-58. (in Kaz.).

Kasımbaev J. Kenesary han. Almatı: Kazaqstan, 1993. 112 b. (in Kaz.).

KROMA 338-q, 1-t, 71-is, 102-103 p. (in Kaz.).

RMTA (Resey Memlekettik tarihi arhivi). Q. 1291. t. 82-1853. is. 9. p. 40-43. (in Kaz.).

Usenova A. Kenesary bastagan ult-azattıq qozqalı // Qazaq tarihi. 2009. № 3 (96). p. 60-62. (in Kaz.).

IRSTI 03.20.00

NATIONAL HUMAN CAPITAL IN KAZAKHSTAN AT THE BEGINNING OF THE XX CENTURY: STUDY OF THE ACTIVITIES OF THE ALASH INTELLIGENCE

Kaumen Dossan Ilyaulı^{1*}, Sadykov Tlegen Sadykuly¹, Maxutova Albina Abenovna²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University. Nur-Sultan, Kazakhstan

²M.Kh. Dulati Taraz Regional University. Taraz, Kazakhstan

E-mail: kaumendos@gmail.com (Kaumen), sadykov_ts@enu.kz (Sadykov), albina_kzt83@mail.ru (Maxutova)

Abstract. The article analyzes the study of the activities of the Alash intelligentsia, formed in the early twentieth century and formed the basis of human capital of Kazakhstan. The study of the history of the «Alash» movement, the «Alash» party and the «Alash» government is characterized by a comprehensive and profound scientific approach. Focusing attention on the study of historical events in the analysis of the activities of the intelligentsia, scientific analysis of many important issues in the historiography of Kazakhstan, including historical and cultural preconditions for the development of Kazakh intellectualism. in their socio-political views. In addition, the role and place of the national intelligentsia in the socio-political life of Kazakhstan began in the twentieth century. In order to highlight the role of the national intelligentsia in writing this article, the main role of the newspaper «Saryarka», «Kazakh» and the magazine «Aıkar» was determined.

Key words: Alash, intelligentsia, party, Kazakhstan, human capital, XX century

ҒТАМР 03.20.00

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ АДАМИ КАПИТАЛЫ: АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ЗЕРТТЕУ

Қаумен Досан Ильяұлы^{1*}, Садықов Тілеген Садықұлы¹, Мақсұтова Альбина Әбенқызы²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²М.Х. Дулати атындағы Тараз Өңірлік университеті. Тараз, Қазақстан

E-mail: kaumendos@gmail.com (Қаумен), sadykov_ts@enu.kz (Садықов), albina_kzt83@mail.ru (Мақсұтова)

Аннотация. Мақалада XX-ғасырдың басында қалыптасып, Қазақстанның адами капиталының негізін құраған Алаш интеллигенциясының қызметі жайындағы зерттеулерге талдау жасалады. «Алаш» қозғалысы, «Алаш» партиясы және «Алашорда» үкіметі тарихын зерттеуде жан-жақты, әрі терең ғылыми тұрғыда сипатталады. Тарихшы ғалымдарының зиялылар қызметін талдаудағы ізденістеріне тоқталып, Қазақстан тарихнамасындағы осы маңызды тақырыптың көптеген мәселелеріне, оның ішінде қазақ зиялыларының қалыптасуындағы тарихи-мәдени алғышарттарына,

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

- Әбсадық А.А., Қабылдинов З.Е., Арықбаева Ж.
А. ВАСИЛЬЕВТИҢ «ИСТОРИЧЕСКИЙ ОЧЕРК РУССКОГО ОБРАЗОВАНИЯ
В ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ» АТТЫ ЕҢБЕГІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК
ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ МӘН-МАҢЫЗЫ (ОЧЕРКТИҢ І БӨЛІМІ БОЙЫНША).....5
- Нартбаев Ш.Ж., Қабыл А.Ә., Мамраймов С.Д.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫН (XVIII-XIX ҒАСЫРЛАР)
ЗЕРТТЕУДІҢ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....16
- Мақсұтова А.Ә., Кумеков Б.Е., Апашева С.
М.Х. ДУЛАТИ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ТАРИХ-И РАШИДИ»
ЕҢБЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ МЕН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХНАМАСЫНДА.....26

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ
MEDIEVAL HISTORY**

- Уткирбай Ағатай
КОПЬЯ И ПИКИ ПОЗДНЕСРЕДНЕВЕКОВЫХ КОЧЕВНИКОВ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ
(ПО МАТЕРИАЛАМ ГЕРОИЧЕСКОГО ЭПОСА КАЗАХОВ (НОГАЙЛИНСКИЙ ЦИКЛ).....36
- Маргулан А.С.
АНАЛИЗ ВОСТОЧНЫХ ЛЕТОПИСЕЙ XIV-XVI ВВ.
ПО ГЕНЕАЛОГИИ ЧИНГИСХАНА И ЭМИРА ТИМУРА.....45
- Кутулуков Ш.П.
ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВА
КОЧЕВЫХ УЗБЕКОВ В КОНТЕКСТЕ КОНСТРУКТИВИЗМА.....56
- Лапин Н.С.
СУЛТАН УРАЗ-МУХАММЕД И КАЗАХСКО-РУССКИЕ ПОСОЛЬСКИЕ
СВЯЗИ В КОНЦЕ XVI В. (ПО МАТЕРИАЛАМ РҒАДА).....65

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
НОВАЯ ИСТОРИЯ
NEW HISTORY**

- Torlanbayeva K.
COLONIAL RUSSIA'S POLICY TOWARDS ISLAM IN KAZAKHSTAN
(BASED ON THE MATERIALS OF THE ORENBURG STATE ARCHIVE).....76
- Ахмет А.К., Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Ермекбаев А.А.
ЖӨҢГІР ХАН: КҮНГЕЙ МЕН КӨЛЕҢКЕ БЕТТЕРІ.....81
- Әпендиев Т.Ә.
ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ БАТЫРЛЫҚ ТҮЛҒАСЫ.....91
- Kaumen D.I., Sadykov T.S., Maxutova A.A.
NATIONAL HUMAN CAPITAL IN KAZAKHSTAN AT THE BEGINNING
OF THE XX CENTURY: STUDY OF THE ACTIVITIES OF THE ALASH INTELLIGENCE.....99

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА
SOVIET PERIOD HISTORY**

Кабульдинов З.Е., Оралова А.А., Тылахметова А.С. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИЗ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ С. САДУАКАСОВА.....	107
Капаева А.Т. КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ «ӘСКЕРИ КОММУНИЗМ» ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК САЯСАТЫ.....	117
Мусағалиева А.С. ЧИСТКА КОЛХОЗОВ ОТ «БАЙСКО-КУЛАЦКОГО ЭЛЕМЕНТА...»: РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ТЕЛЬМАНОВСКОМ РАЙОНЕ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1932-1933 ГГ.....	125
Мұқтар Ә.Қ., Ахметова У., Жумабаев А. ПРОРВА-АСТРАХАНЬ ЛАГЕРЛЕРІ ТАРИХЫ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІНДЕ (1932-1950 ЖЖ.).....	136
Қозыбаева М.М., Құдайбергенова А.И., Байдалы Р.Ж. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....	149
Хайдаров Е.Е. ОРАЛ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1921-1922 жж.).....	157
Конкабаева А.Н., Мурзаходжаев К.М. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИСТОРИИ ГОЛОДА В КАЗАХСТАНЕ В 1921-1922 ГОДАХ: В АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ И ПИСЬМЕННЫХ МАТЕРИАЛАХ.....	166
Мухамбетғалиева А.К. ПЕНСИОННОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ НАСЕЛЕНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1946-1953).....	172
Аманбекова Н.Д., Бакирова Ж.С. 1925-1991 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЗАЙСАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, МӘДЕНИ ДАМУЫ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	182

**САЯСИ ТАРИХ
ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
POLITICAL HISTORY**

Борбасов С.М., Жүнісова Б.Н. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ БАСЫМДЫҚТАРЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	191
---	-----

**ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY**

Ақымбек Е.Ш., Железняков Б.А. АНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОЙМЫШТЫ ТАС МӨРЛЕРІ.....	204
Тұяқбаев М.Қ., Түрсүн Х.М., Исаев М.С., Байболов Б.Қ., Шаметов С.Т. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ МАҢЫНДАҒЫ ҮЛКЕН «ҚЫЛУЕТ» ЖЕРАСТЫ МЕШТІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУІ.....	213
Утубаев Ж.Р. АНТИЧНЫЕ ПОСЕЛЕНИЕ БАЛАНДЫ.....	222

Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А., Морякова М.Т.
ФЕНОМЕН ОСЕДЛОЙ КУЛЬТУРЫ В КОЧЕВОЙ СРЕДЕ
(НА ПРИМЕРЕ ЗОЛОТООРДЫНСКОГО ГОРОДИЩА АКТОБЕ).....230

Имярова З.С., Джон А.А.
ВЛИЯНИЕ ЭТНИЧЕСКОЙ СРЕДЫ НА ТРАДИЦИОННУЮ
КУЛЬТУРУ КИТАЙСКИХ МУСУЛЬМАН (ДУНГАН) В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....239

**ЕСКЕ АЛУ
ПАМЯТЬ
MEMORY**

Мұқаметханұлы Н.
АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ - ТӘУЕЛСІЗДІК САНАНЫҢ ЖАРШЫСЫ
(ҒАЛЫМНЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫНА).....248

Алимгазинов К.Ш.
ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ВКЛАД Б.М. СУЖИКОВА В РАЗВИТИЕ
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ НАУКИ (К 70-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ УЧЕНОГО).....252

**ҒЫЛЫМИ ӨМІР
НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ
SCIENTIFIC LIFE**

ТОРЖЕСТВЕННОЕ МЕРОПРИЯТИЕ ПО ВРУЧЕНИЮ НАГРАД – ОСНОВОПОЛОЖНИКУ
АНТРОПОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ В КАЗАХСТАНЕ ОРАЗАКУ ИСМАГУЛОВУ
И ВИДНОМУ АНТРОПОЛОГУ АЙНАГУЛЬ ИСМАГУЛОВОЙ.....256

Әлімғазы Дәулетхан
АКАДЕМИК ОРАЗАҚ СМАҒҰЛОВ ТАҒЫЛЫМЫ.....258